



Алматы энергетика және
байланыс университетінің
ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК
Алматинского университета
энергетики и связи

3/2
2010

МАТЕРИАЛЫ

*7-ой Юбилейной международной
научно-технической конференции*

**"ЭНЕРГЕТИКА, ТЕЛЕКОММУНИКАЦИИ
И ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ
В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ"**

**23-25 сентября 2010 г.
г. Алматы**

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Құрманбекова Майраш Дүйсенғалиевна – «Шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.

Мақалада шет тілін оқытудың инновациялық әдіс тәсілдерінің бірі дамыта оқыту технологиясы жәйлі суреттеледі. Мақалада оқыту технологиясының түрлері, ерекшеліктері, кезеңдері, белгілері жәйлі сөз болады.

В статье рассматриваются инновационные подходы в изучении иностранного языка. В статье также описываются виды развивающей технологии в обучении иностранного языка. В статье также уделяется внимание к особенностям развивающей технологии.

In the article are considered innovation methods of approach in studying foreign languages. The article is described the developing technology in teaching foreign languages. The attention is paid to particularities of developing technology.

Қазіргі әдіскерлеріміздің міндеті жастарға тек сапалы білім беріп қана қоймай, өзінше ізденетін, өзіне лайықты жұмысты анықтай білетін, өмірден өз орнын таба алатын жастарды қалыптастыру. Қазіргі дайындалған мамандардың сапасымен болашақ қоғамның дамуына байланысты болғандықтан, дайындалып жатқан мамандарымыз нарықтық экономикалық бәсекелестікке төзе білетін, жеке көз-қарасы бар, өз бетінше ойлай білетін тұлғалар болуы керек /1/.

Білім беру аясында бүгінгі күні вариативтік принцип кең орын алып отыр. Бұл принцип бойынша оқу орындары қандай оқыту технологиясын таңдауға да құқылы. Бұл-білім берудегі прогресс деп танылады. Мұндай мүмкіндікті оқушының дамуы үшін қолдануда мектеп ұжымдары, мұғалімдер жана оқыту технологияларымен терең таныс болып, олардың әрбірінің көздеген мақсатымен, идеясымен, бағытымен таныс болуы қажеттігі белгілі.

Оқушыны білім беру процесінің объектісі емес, сол процеске қатысушы маңызды субъект деп санап, сол субъектінің ойлауы мен тілін дамытып, оқу барысында қалыптастырылған машық-дағдыларын, алған білімін өмірде қолдана алатын дәрежеге жеткізетін білім берудің жана тех-

нологияларын жасаушылар уақыт талабымен санаса отырып, келер заманның талабын айқындылықпен болжап отыруы тиіс. Жана технологиялар ішінде дамыта оқыту теориясын ерекше атауға болады.

Оқушының біліктілігін қалыптастыруда теориялық білім мен соны оқыту барысында мазмұндық топтастыру жасай алу қабілетін дамыту үлкен орынға ие бола алады. Яғни, оқушының оқу процесі, дәстүрлі оқытудағы эмпирикалық – индуктивтік типтен қызығушылығын дамытып отыратын теориялық- дедуктивтік типке қарай өседі. Олай болу үшін, осы мақсатқа сәйкестендіріліп арнайы жасалған білім мазмұны болуы керек және ол білім мазмұнын оқытуды дәстүрліден тыс арнайы әдістер арқылы ұйымдастырылуы керек. Соның негізінде ғана оқушылардың теориялық ойлауы дамиды/2/.

Дамыта оқыту технологиясының жалпы болмысы мынадай белгілермен танылады:

-Жалпы педагогикалық қолданысқа негізделген оқыту жүйесі;

-Сциентистік яғни мәдениет жүйесіндегі, қоғамның өміріндегі ғылымның рөлін . Абсолюттендіруге негізделген оқыту жүйесі;

- Антропоцентристік, яғни адам - субъект, ал бүкіл әлем адам үшін объект деген дүниетанымдық концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- Психогендік, яғни адам - өзін-өзі басқарушы жүйе, даму процесі өзіндік реттеу мен өзіндік басқаруға мұқтаж деген концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- Дамытушы, яғни адамның организмінде, психикасында, интеллектінде және рухани дүниесінде ішкі және сыртқы факторларға, басқаруға келетін және басқаруға келмейтін факторларға байланысты болатын сандық және сапалық өзгеру процесі деген концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- Операциялық ой- машықтары- ақыл-ой тәсілдері, яғни теориялық ұғымның мағынасын осы ұғымды қалыптастыру, қолдану және тексеру кезінде пайдаланатын операцияларды сипаттау арқылы ғана анықтауға болады деген операциялық талдау жасауға (8) негізделген оқыту жүйесі;

- Оқытушы, жалпы білім беруші, ізгілік-тендіруші оқыту жүйесі;

- Кластық-сабақтық, топтық, дифференциалдық оқыту формасына негізделген технология;

- Оқушы мен мұғалімнің ынтымақтас-тығына негізделген педагогикалық жүйе;

- Дамытушы, яғни диалектиканың, логиканың, таным теориясының әдістерін қолдануға негізделген оқыту жүйесі;

- Альтернативтік оқыту жүйесі/1/.

Дамыта оқыту технологиясында оқушыға жаңа ғылыми ұғымды меңгерту мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1) мұғалім жаңа лингвистикалық жағдайлар жасап, соны таныстырады, соған бағытталған міндеттерді шешу керектігін белгілейді;

2) берілген лингвистикалық материалға түрше өзгерту, өңдеу жасалады, соның негізінде оқушы осы лингвистикалық материалдың бойындағы маңызды, негізгі белгілерді анықтайды;

3) танылған жаңа байланыстар мен қатынастарды ерекше таңбалармен (алдын ала келісілген таңбамен) модельдейді;

4) алдыңғы кезекте алға қойылған міндетті шешуге қажетті болып тұрған негізгі байланыстар мен қатынастарға жалпы сипаттама беріп, олардың қандай заңдылықтарға бағынатынын анықтайды/2/.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе дамыта оқыту технологиясы бойынша оқыту дәстүрлі сабақтардан үлкен айырмашылығы бар екендігі анық. Дамыта оқыту технологиясы бойынша сабақтарды дайындау, өткізу студенттерден де, мұғалімнен де шығармашылық ізденісті, көп күш - жігер мен уақытты талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Құрманова Н.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ-ТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ. – Монография. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007.
2. Ахетова Г.С. Жеке тұлғаны өзіндік даму және өзіндік орындау құралы ретінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру – ИЯШ, № 3. 2008